

«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ Басқармасының шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
(№55-24 хаттама, 26.12.2024 жыл)

**«Тау-Кен Самұрық» ҰТК АҚ Өндірістік қауіпсіздік бойынша
Жас мамандар орталығы туралы Ереже**

Астана қ., 2024 жыл

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	3
2. Терминдер мен анықтамалар	3
3. Жас мамандар орталығының мақсаттары мен міндеттері.....	4
4. Жас мамандар орталығын құру	5
Жас мамандар орталығының Төрағасы мен өкілдерінің құқықтары мен міндеттері.....	6
5. Жас мамандар орталығының коммуникация механизмдері.....	7
6. Іс-шараларды өткізу тәртібі	8
7. Есептілік және қызметті бағалау.....	9
8. Қорытынды.....	9

1. Жалпы ережелер

Өндірістік қауіпсіздік бойынша Жас мамандар орталығы (ары қарай - ЖМОО) жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында құрылып, компанияның жас мамандары арасында еңбек қауіпсіздігі мәдениетін арттыру және өндірістік жарақаттануды алдын алу шараларын іске асыруға бағытталған. Бұл Өндірістік қауіпсіздік бойынша Жас мамандар орталығы туралы Ереже «Самұрық-Қазына» АҚ Жас мамандар орталығы туралы Ережесіне сәйкес әзірленген және ЧО «Әлеуметтік өзара әрекеттесу және коммуникациялар орталығы» Бас директорының бұйрығымен бекітілген. Осы Ереже еңбек қауіпсіздігі мәдениетін арттыру және өндірістік жарақаттануды алдын алу шараларын жүзеге асыруға бағытталған процесстерге қойылатын талаптарды айқындайды. Бұл талаптар «Тау-Кен Самұрық» ҰК» АҚ (ары қарай – Қоғам) және Қоғамға меншік құқығы немесе сенімді басқару құқығымен тікелей немесе жанама түрде тиесілі 50%-дан астам дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) бар заңды тұлғалар үшін де қолданылатын болады. ЖМОО еңбек қауіпсіздігі және өндірістік қауіпсіздік саласында мамандардың біліктілігін арттыруға, инновациялық тәжірибелерді енгізуге және өндірістегі қауіпсіздік мәселелері бойынша жас мамандар арасында белсенді ұстаным қалыптастыруға бағытталған ерікті мамандар қауымдастығы болып табылады. ЖМОО қызметі мына бағыттарға бағытталған:

- Жас мамандар арасында өндірістік қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру;
- Жас мамандардың өндірістік қауіпсіздік саласындағы біліктілігін дамыту;
- Өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша жас мамандарды оқыту және біліктілігін арттыру;
- Өндірістік жарақаттануды және кәсіби аурулардың алдын алу;
- Өндірістегі қауіпсіздікті арттыру бойынша жобаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу.

2. Термины и определения

2.1 Осы Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар мен анықтамалар:

1. **Қор** – «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры акционерлік қоғамы.
2. **Қор тобы** – Қор, портфельдік компаниялар, олардың еншілес ұйымдары, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы компанияларға тиесілі, сондай-ақ, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы аталған портфельдік компаниялардың еншілес ұйымдарына тиесілі заңды тұлғалар.

3. **Портфельдік компания (ПК)** – «Тау-кен Самұрық ҰТК АҚ» және Қор тікелей меншік құқығы немесе сенімді басқару құқығымен дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы тиесілі басқа ұлттық компаниялар немесе басқа заңды тұлғалар.

4. **Еншілес ұйымдар (ЕҰ)** – ұйымдар, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы «Тау-кен Самұрық ҰТК АҚ» мен Қордың басқа портфельдік компанияларына тиесілі, сондай-ақ, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы аталған еншілес ұйымдарға тиесілі заңды тұлғалар.

5. **Жас мамандар** – Қор тобының 18 бен 35 жас аралығындағы қызметкерлері.

6. **Қор компанияларының Өндірістік қауіпсіздік бойынша Жас мамандар орталығы** – Қорда жастар саясатын жүзеге асыруға жауапты консультативті орган (ары қарай – Қордың ЖМОО), өндірістік қауіпсіздік саласында жастар саясатын әзірлеу және іске асырумен айналысады.

7. **Қордың ЖМОО Төрағасы** – Қор тобына жататын жас маман, Қордың ЖМОО қызметіне жетекшілік етеді, портфельдік компаниялардың орталық аппаратындағы ЖМОО өкілдері мен филиалдар/ЕҰ ПК өкілдерінің қызметін үйлестіреді.

8. **Қордың ЖМОО Төрағасының орынбасары** – Қор тобына жататын жас маман, Қордың ЖМОО Төрағасының жоқтығында оның міндеттерін атқарады, Қордың ЖМОО қызметіне жетекшілік етеді, портфельдік компаниялардың орталық аппаратындағы ЖМОО өкілдері мен филиалдар/ЕҰ ПК өкілдерінің қызметін үйлестіреді.

9. **Портфельдік компаниялардың орталық аппаратындағы ЖМОО өкілдері** – Қоғамның өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша жас мамандардың қызметін үйлестіретін жауапты қызметкерлер, сондай-ақ, Қоғамның еншілес ұйымдарындағы ЖМОО қызметіне жауап беретіндер.

10. **Портфельдік компаниялар филиалдарындағы/ЕҰ ЖМОО өкілдері** – ЕҰ жас мамандары, олар өз ұйымдарында өндірістік қауіпсіздік мәселелерін үйлестіру мен енгізу бойынша тұрақты қызмет атқарады.

3. **Жас мамандар орталығының мақсаттары мен міндеттері**

3.1 Жас мамандар орталығының негізгі мақсаты – жас мамандар арасында өндірістік қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және дамыту, олардың өндірістік қауіпсіздік саласындағы біліктілігін арттыру, сондай-ақ өндірістік жарақаттануды алдын алу.

3.2 Негізгі міндеттер:

1. Жас мамандарды өндірістік қауіпсіздік басқару процестеріне тарту.

2. Еңбек жағдайларын жақсарту және қауіпсіздікті арттыру мақсатында тәжірибе мен идеялармен алмасу алаңын құру.
3. Өндірістегі қауіпсіздікті арттыруға бағытталған инновациялық шешімдерді әзірлеу және енгізу.
4. Қор тобы қызметкерлерінің өндірістік жарақаттануды азайту.
5. Өндірістік қауіпсіздік саласындағы еңбек жағдайларын жақсарту немесе инновациялық шешімдер ұсынған жас мамандар арасында ішкі конкурстар мен байқаулар ұйымдастыру.
6. Өндірістік қауіпсіздік саясатын және Қордың өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу.

4. Жас мамандар орталығын құру

4.1 Қор тобының жас мамандары арасынан өндірістік қауіпсіздік мәселелерімен белсенді айналысатын қызметкерлерден Жас мамандар орталығы құрылады.

4.2 Қор тобының Жас мамандар орталығының құрамына ЖМОО Төрағасы, Портфельдік компаниялардың орталық аппаратының ЖМОО өкілдері, Портфельдік компаниялардың филиалдары мен еншілес ұйымдарының ЖМОО өкілдері кіреді.

4.3 Қор тобының ЖМОО құрамына кандидаттарды іріктеу тәртібі:

1. ЖМОО Төрағасы «Әлеуметтік өзара әрекеттесу және коммуникациялар орталығы» Бас директорының бұйрығымен және Қордың еңбек қауіпсіздігі және өндірістік қауіпсіздік секторын басқарушы тұлғаның келісімімен тағайындалады. Кандидаттар өз қызметінің жоспары мен екі жылдық іс-шаралар жоспарын ұсынуы тиіс. Егер іс-шаралар жоспары мен өндірістік қауіпсіздік бойынша жобалар сәтті жүзеге асырылса, ЖМОО Төрағасы жаңа мерзімге қайта тағайындалуға құқылы;

2. ЖМОО Төрағасының орынбасары ЖМОО Төрағасының тағайындауымен және Қордың еңбек қауіпсіздігі және өндірістік қауіпсіздік секторын басқарушы тұлғаның келісімімен орталық аппаратының ЖМОО өкілдері арасынан тағайындалады;

3. Қордың ЖМОО өкілдері Төрағамен тағайындалады, осы қызметке екі жыл мерзімге, Қордың өндірістік қауіпсіздік мәселелерін үйлестіретін СЕО-1 деңгейіндегі басшылардың келісімімен тағайындалады. Іріктеудің негізгі критерийі – өндірістік қауіпсіздік саласындағы бастамаларға белсенді қатысу;

4. ЖМОО құру ерікті қатысу принципіне негізделген, ол үшін ЖМОО өкілі немесе ЖМОО Төрағасының атына өтініш жазылады. ЖМОО мүшелері өз міндеттеріне жоғары деңгейде жауапкершілікпен карап, қатысуға және қызметіне белсенді қатысуы тиіс.

4.4 Қордың ЖМОО құрамының саны мен құрылымы өзгертілуі мүмкін.

4.5 Қор тобының жас мамандары 35 жасқа дейін Қордың ЖМОО құрамына мүше бола алады.

4.6 Қордың ЖМОО қызметі Қордың еңбек қауіпсіздігі және өндірістік қауіпсіздік секторын басқарушы тұлғаның басшылығымен жүзеге асырылады.

4.7 ЖМОО Төрағасы мен орталық аппаратының өкілдері мен филиалдардағы/ЕҰ ЖМОО өкілдерімен жұмыс кездесулері тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

4.8 Қор компанияларының Өндірістік қауіпсіздік бойынша Жас мамандар орталығының ресми отырыстарында кворумды қамтамасыз ету үшін ЖМОО құрамының кемінде 50%-ы болуы қажет.

4.9 Қордың ЖМОО қызметінің нәтижелері туралы есептік кездесулер хаттамамен бекітіледі және әрі қарай қарастыру үшін жүзеге асырылады (Қосымша 1).

5. Қор тобының ЖМОО Төрағасы, ЖМОО Төрағасының орынбасары және Қор тобының ЖМОО өкілдерінің құқықтары мен міндеттері

5.1 ЖМОО Төрағасының құқықтары мен міндеттері:

- ЖМОО қызметін ұйымдастырады және оның жұмысын басқарады, қойылған мақсаттардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- Өндірістік қауіпсіздікті арттыру мақсатында оқыту жоспарлары мен іс-шараларын әзірлейді;
- Өндірістік қауіпсіздік мәселелерімен байланысты ішкі және сыртқы іс-шараларда ЖМОО атынан өкілдік етеді;
- Қор тобының ЖМОО отырыстарында төрағалық етеді;
- Қордың өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша басқармасымен және мамандарымен тығыз ынтымақтастық орната отырып, іс-шаралар мен үздік тәжірибелерді енгізуді қамтамасыз етеді;
- ЖМОО қызметінің нәтижелері мен жұмыстарын Қор басқармасына есеп береді.

5.2 ЖМОО Төрағасының орынбасарының құқықтары мен міндеттері:

1. ЖМОО Төрағасының міндеттерін оның болмауында орындайды;
2. Төрағаға ЖМОО қызметін ұйымдастыру және үйлестіру бойынша көмек көрсетеді;

3. Өндірістік қауіпсіздікті арттыруға бағытталған іс-шаралар мен оқыту жоспарларын әзірлеуге қатысады;

4. Төрағаның тапсырмаларын орындау мен ЖМОО жобаларын жүзеге асыруды қадағалайды;

5. ЖМОО өкілдерімен және Қордың басқа бөлімшелерімен жұмыс істеп, ЖМОО бастамаларын іске асырады.

5.3 Қор тобының ЖМОО өкілдерінің құқықтары мен міндеттері:

- Өндірістік қауіпсіздік бойынша ЖМОО ұйымдастыратын іс-шараларға қатысады;

- Өндірістік жағдайды жақсарту және қауіпсіздікті арттыру бойынша ұсыныстар әзірлейді;

- Жұмыс орындарында қауіпсіздікті тексеру мен аудит жүргізіп, әлеуетті қауіп-қатерлерді анықтап, оларды жою жөнінде шаралар ұсынады;

- Портфельдік компаниялардың еңбек қауіпсіздігі бөлімдерімен жұмыс істеп, анықталған мәселелер мен оларды шешу жолдары туралы ақпарат жеткізеді;

- Өндірістік қауіпсіздік бойынша Қор ЖМОО қызметінің нәтижелері туралы есеп береді.

6. Жас мамандар орталығының коммуникация механизмдері

6.1 Ішкі коммуникация:

1. Әр ай сайын Төрағаның жас мамандармен жұмыс кездесулері өткізіліп, ағымдағы мәселелер мен өндірістегі қауіпсіздікті жақсарту жоспарлары талқыланады;

2. Ішкі іс-шаралар мен үздік тәжірибелермен алмасу үшін корпоративтік ақпараттық арналар пайдаланылады;


3. Жас мамандар орталығы Қор тобы қызметкерлерінің қатысуын арттыру мақсатында өндірістік қауіпсіздік тақырыбы бойынша ішкі конкурстар мен байқаулар ұйымдастырады.

6.2 Сыртқы коммуникация:

1. Өндірістік қауіпсіздік саласында тәжірибе мен жаңа білім алу үшін сыртқы сарапшылар мен еңбек қорғау мамандарымен ынтымақтастық орнату;

2. Өндірістік қауіпсіздікке арналған ұлттық және халықаралық форумдарға, байқаулар мен жарыстарға қатысу.

ЖМОО коммуникацияларының схемасы:



7. Іс-шараларды өткізу тәртібі

7.1 Қор тобының ЖМОО негізгі қызмет бағыттары:

1. Өндірістік қауіпсіздік саласындағы білім мен біліктілікті арттыруға бағытталған оқыту іс-шаралары, тренингтер, семинарлар, мастер-класстар ұйымдастыру;
2. Жас мамандардың қатысуымен жұмыс орындарында аудиттер, тексерулер мен қауіптерді бағалау жүргізу, қауіпсіздікке қауіп төндіретін мәселелерді анықтап, оларды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу;
3. Өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша тәжірибе алмасу сессияларын өткізу және Қор тобының филиалдары мен еншілес ұйымдарындағы өндірістік объектілерге іссапарлар ұйымдастыру;
4. Еңбек жағдайларын жақсарту немесе өндірістік қауіпсіздік саласындағы инновациялық шешімдерді ұсынған жас мамандар арасында ішкі конкурстар мен байқаулар ұйымдастыру;
5. Өндірістік қауіпсіздік қағидаттары туралы ақпарат тарату үшін лекциялар, дөңгелек үстелдер өткізу, жас мамандарды өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша диалогқа тарту;

6. Өндірістік қауіпсіздікті жақсарту бойынша тиімді шаралар ұсынған белсенді қатысушыларды және үздік жас мамандарды марапаттау және ынталандыру үшін сыйлықтар мен премиялар беру;

7. Қор тобының өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

8. Өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша ішкі және сыртқы мүдделі тараптармен ынтымақтастық орнату;

9. Жыл қорытындысы бойынша Қор тобының басшылығына атқарылған жұмыстар туралы ақпарат ұсыну.

8. Есептілік және қызметті бағалау

8.1 Қор тобының портфельдік компанияларының орталық аппаратының ЖМОО өкілдері әр ай сайын Қор тобының ЖМОО Төрағасына өткізілген іс-шаралар мен олардың нәтижелері туралы есеп береді;

8.2 Қор тобының ЖМОО Төрағасы тоқсан сайын Қор басқармасына және Қордың еңбек қауіпсіздігі және өндірістік қауіпсіздік секторына өндірістік қауіпсіздік жағдайын жақсарту бойынша ұсынылған шаралар мен прогресті баяндап есеп береді;

8.3 ЖМОО қызметін бағалау ЖМОО мүшелерінің белсенділігі, жарияланған материалдар саны, өндірістік қауіпсіздік қағидаттары туралы лекциялар мен дөңгелек үстелдер өткізу арқылы қызметкерлердің хабардарлығын арттыру, сондай-ақ жас мамандар арасында ішкі конкурстар мен байқаулар ұйымдастыру негізінде жүргізіледі.

9. Қорытынды

9.1 Бұл Ереже ЖМОО қызметінің негізгі бағыттары мен оның қатысушыларының міндеттерін айқындайды.

9.2 Ереже жас мамандарды өндірістік қауіпсіздік саласында оқыту мен дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға, қауіпсіздік мәдениетін жақсартуға және өндірістегі тәуекелдерді

№ _____ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

_____ қ.

« _____ » _____ 20 _____ ж.

Кеңес төрағасы –

Кеңес хатшысы –

Күн тәртібі:

Дауыс беру

Шешім

Кеңес төрағасы

/ _____ /

Кеңес хатшысы

/ _____ /